

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ

№12

14 қаңтар 2013 жыл

Жалағаш ауданы әкімдігінің қаулысына
2012 жылғы 18 сәуірдегі №127 “Өңір қызметі”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құру
туралы” өзгерістер енгізу туралы және
Жалағаш ауданы әкімдігінің қаулысына
2012 жылғы 20 сәуірдегі №136 “Жалағаш
жаршысы” аудандық газеті редакциясы”
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын
қайта ұйымдастыру туралы” өзгерістер
енгізу туралы

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, “Мемлекеттік мүлік туралы” Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және “Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы” Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. “Өңір қызметі” жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құру туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 18 сәуірдегі №127 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген “Өңір қызметі” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысында:

“1. Жалпы ережелер” деген бөлімде:

1.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

“1.2. “Жалағаш ауданының әкімдігі (бұдан әрі-Қатысушы) Серіктестіктің жалғыз қатысушысы болып табылады. Жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі 100 % құрайды.

Мекен жайы: индекс 120200, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі, №12.”;

1.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

“1.4. Мекен жайы: индекс 120200, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Мырзалиев көшесі, №24.”;

“6. Серіктестіктің органдары” деген бөлімде:

6.1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

“1) Басқарудың жоғарғы органы - Жалағаш ауданының әкімдігі;”

2. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті редакциясы” шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі №136 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысында:

“1. Жалпы ережелер” деген бөлімде:

1.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

“1.2. “Жалағаш ауданының әкімдігі (бұдан әрі-Қатысушы) Серіктестіктің жалғыз қатысушысы болып табылады. Жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі 100 % құрайды.

Мекен жайы: индекс 120200, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі, №12.”;

“6. Серіктестіктің органдары” деген бөлімде:

6.1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

“1) Басқарудың жоғарғы органы - Жалағаш ауданының әкімдігі;”.

3. “Өңір қызметі” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осы қаулыдан туындайтын шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын..

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданы әкімінің
міндетін атқарушы



Е.Өмірсеріков

Бас маман Б.Оспан
14 қаңтар 13 жасы Б.Оспан